

"Өтінімдердің, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру журналдарының, сонымен бірге олардың есептілігі мен санағының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 292-Ө бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 18-03/104 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Өтінімдердің, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру журналдарының, сонымен бірге олардың есептілігі мен санағының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 292-Ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8867 тіркелген, 2014 жылғы 22 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігіне жолдасын;

2) осы бұйрықтың «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын
қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
интернет-ресурсында орналастырсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков